

**Первомай ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 2 шілдедегі № 1 "Лозовое ауылының көшесіне атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Астрахан ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 1 маусымда № 5976 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Первомай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Первомай ауылдық округі әкімінің "Лозовое ауылының көшесіне атау беру туралы" 2010 жылғы 2 шілдедегі № 1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-6-133 болып тіркелген, 2010 жылғы 13 тамызында "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

""Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Первомай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Первомай ауылдық округінің әкімі*

*В.Дембицкий*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Астрахан ауданының "Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Г.Карасаева*

12.05.17ж.

*Астрахан ауданының  
"Құрылыс, сәулет және  
қала құрылысы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы*

*Н.Кулаков*

12.05.17ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ